



# Мұхтар Әуезов атындағы Оқу-ға – 80 жыл!

Биыл еліміздегі іргелі оқу орындарының бірі Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің күрылғанына 80 жыл толып отыр. Университет бүгінде терең тарихы қалыптасқан, білікті кадрлардың шеберханасына әрі ғылым ордасына айналған. Мерейтой қарсаңында ҚР Үкіметінің қаулысымен оқу орнына «зерттеу университеті» мәртебесі берілді.

Бұл туралы ҚР Ғылым жөнө жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жоғары оқу орнының 80 жылдық мерейтойында хабарлады.

Бүгінгі танда Auezov University академиялық жөнө ғылыми қызметтө тамаша нәтижелер көрсетуде. Соңғы төрт жылда университет ғалымдары химиялық технология, құрылым, фуд-инжиниринг, био жөнө нанотехнология жөнө т. б. салаларда бес миллиард теңгеден астам гранттық жобалар мен бағдарламаларды орындады.

# Мұхтар Әуезов атындағы ОҚУ-ға – 80 жыл!



(Соңы. Басы 1-бетте).

— Сексен жылдық мерейтой біз үшін мерекелік іс-шара ғана емес, сонымен қатар үргінгі күннің шындығын бағалау мен университеттің даму болашағын терең талдау. Үргінгі танда Әуезов университеті стратегиялық серіктестікі қарқынды дамытуда, — деп атап етті М.Әуезов атындағы ОҚУ ректоры Дария Қожамжарова.

ЖОО арқасында өнірге бір миллиард теңgeden астам сомага инвестициялар түріндегі коммерцияландыру жүргізілген. Үргінде Auezov University елімізде өнірлер арасында қуатты студенттік корпусқа ие. Мұнда жиырма сегіз мыңдан астам студент білім алады. «ЖОО үздік оқытушысы» атындағы 300 иегері, «Болашақ» халықаралық бағдарламасының 80 түлегі, ғылым саласындағы мемлекеттік сыйлықтың 8 лауреаты бар. «Нобель» сыйлығының лауреаты – Рае Квон Чунг университет студенттеріне дәріс береді.

Қазір университет үлттық және халықаралық рейтингтерде көшбасшы орынға ие, Азиядағы үздік 150 университеттің қатарына кіріп, 4 QS жүлдзызымен маралатталған. Соңдай-ақ «Ең жасыл кампус ретінде» Green Metric университеттерінің тұрақтылығы бойынша әлемдік рейтингте көш бастап түр.

Айта кетейік, ЖОО тарихында 5000-нан астам қорғау күжаттары мен патенттер алынды. Ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды орындауда 350 жетекші шетелдік ғалым тартылды. 80 жыл ішінде университет әлемнің 25 елінде жұмыс істейтін екі жұз қырық мың түлек шығарды.

Оқу орнының 80 жылдық мерейтойы қарсаңында пайдалануга берілген 4 бірдей зертхана университеттің ғылыми әлеуетін одан әрмен нығайтуға тың серпін бермек. «Тамақ биотехнологиясы» зертханасы ауыл

шаруашылығы өнімдері мен шикізаттарды қайта өндеуге және сақтауға арналған. «Химиялық өндіріс процестері мен аппараттарын модельдеу» зертханасында ғалымдар бастапқы түкірлімдамадан соңғы өнімге дейін инновациялық, үнемді және экологиялық таза шешімдерді әзірлеумен айналысады. «Auezov REILEAP leather center» зертханасының басты мақсаты сол – докторанттар мен магистранттарға теріні өндеу, былғарыдан жасалған бүйімдар мен аяқ киім материалдары саласында ғылыми-зерттеулер жүргізуға мүмкіндік береді. «Ауыз суды дайындаудың тиімді технологияларын жасау кешенінде» тіршілік нөрінің қажеттілігінің ғылыми-әдістемелік негіздері жасалып, жер асты суларын тазарту әдісте-ри зерттеледі.

Сонымен қатар, мерейтой қарсаңында, университеттің түлегі, Ұлттық ғылым академиясының академигі Мұрат Жұрынов атындағы дәрісхана пайдалануга берілді.

— ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Мұрат Жұрынов атындағы аудиторияды шетелдік ғалымдар мен профессорлардың дәрістері, сабактары, кездесулері етеді. Мұрат Жұрынұлы Сізге Қазақстан ғылымына қосқан баға жетпес үлесініз үшін зор алғысымызды білдіреміз. Қазір сіздің жолыңызды жалғастыратын химиктер, ғалымдар үрпағы есіп келеді. Біздің университет ғылыми қызметті дамытуға үлкен күш салуда, — деп атап етті Auezov University ректоры Дария Қожамжарова.

Мерейтой соңында оқытушылар мен студенттер Құрмет грамоталарымен, мерейтойлық медальдармен және Алғыс хаттармен маралатталды. Қазақстандық әртістердің, музыкалық ұжымдардың және университеттің би ансамбльдерінің қатысуымен гала-концерт қойылды.

Е.ҚОЖАХМЕТҰЛЫ.